

Ибраев Е.Г., п.ғ.м., аға оқытушы
Л.Гумелев ат. Еураизия Ұлттық университеті, Астана қ.
Елеукешов О.Н., оқытушы
Ә. Сагинов ат. Қарағанды техникалық университеті, Қарағанды қ.
Асхатов А.А. «Болашақ» жоғарғы колледжі, Қарағанды қ.
Пирназаров А.У., дене шынықтыру мұғалімі
№ 4 ЖББМ, Теміртау қ.

ДЕНЕШЫНЫҚТЫРУ САБАҚТАРЫНДА ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРЫН ПАЙДАЛАНУ

Аннотация: Мақалада мектептерде ұлттық ойындарды пайдаланып денешынықтыру сабағын өткізудің негізгі мәселелері сөз болады. Сонымен қатар денешынықтыру сабағы барысында пайдалану мақсаты мен міндеттері туралы ойлар талқыға салынып, мектеп оқушыларының ұлттық ойынды жақсы біліп, одан шығатын нәтижені күнделікті өмірде пайдалану білігі туралы баяндалады.

Кілт сөздер: ұлттық ойындар, сабақ, мектеп, спорт, денешынықтыру, мұғалім.

Ibraev E.G., master of pedagogical sciences, senior teacher
Astana National of Eurasia University after L. Gumelev., Astana
Eleukeshov O.N., senior teacher
Karaganda Technical University named after A. Saginov, Karaganda
Askhatov A.A. "Bolashak" Higher college, Karaganda
Pirnazarov A.U., physical education teacher
secondary school № 4, Temirtau

USE OF KAZAKH NATIONAL GAMES IN PHYSICAL CULTURE LESSONS

Abstract: the article will discuss the main issues of conducting physical culture classes in schools using national games. In addition, during the physical culture lesson, ideas about the purpose and objectives of use are discussed, and students are told about the ability to better know the national game and use the results of it in everyday life.

Keywords: National Games, lesson, School, Sports, Physical Culture, teacher.

Бүгінгі қазақ мектептерінде ұлттық ойындарды дене шынықтыру пәнінде пайдалану, ұлттық дәстүрлерді жастардың санасына дене тәрбиесі арқылы сіңірумен бірге, халықтың ғасырлар бойы тірнектеп жинаған рухани байлығын бүгінгі заман талабына сай іске қосудың тиімді бір жолы және ұрпақтар сабақтастығын жалғастыру мен олардың үндестігін сақтаудың тәсілі.

Бұл барлық ұлттардың ойындарына тән қасиет. Сондықтан олардың барлығы да ұлттық ойындарды дене тәрбиесінің құралы деп біледі. Қазақ халқының ұлттық ойындары, қолданыс ауқымы жағынан диапозоны кең, әржақты болып келеді. Оған себеп болған, әсіресе, көшпелі тұрмысы мен шаруашылық, экономикалық ортасының әсері. Көшпелілер мәдениетінің көш басында тұрған халқымыз өзіндік ерекшелігі бар мәдени орта жасай білген.

Ұлттық ойындар ұзақ сұрыпталып, біздің заманымызға дейін жеткен халық мұрасы ретінде, әрбір адамның қажетіне жарарлық қалыпқа түсіп, тек дене шынықтырып, адамды дене жағынан ғана жетілдіріп қоймайды, оның адам тәрбиесіне етер әсері, тигізер пайдасы мол. Ұлттық ойынның қасиеттерін бүгінгі мектептерде дұрыс, ретті пайдалана білу, ұлтқа тән қасиеттерді мектептің жас буын шәкірттерінің бойына сіңіру, өзі шыққан ортаның қадір-қасиетін ерте біліп, тілін, өз халқына тән имандылық қасиетін, дәстүрін, әдеп-ғұрпын, салт-санасын мектеп қабырғасында қабылдауға мүмкіншілік береді [1].

Сондықтан дене шынықтыру мұғалімдеріне мектеп бағдарламасын шығармашылықпен жұмыс істеуді жүктейді. Ұлттық ойын, сондай-ақ, ойын атаулының бәрі де жас адамға үйлесе білуді, өз бетімен ойлап шешім қабылдай алатын, қиын жағдайлардан жол тауып дұрыс шыға білетін, үнемі ойлау мен әрекетті әдет еткен, дене, ақыл-ойы бірдей жетілген адамдарды әзірлеуге негізделген.

Мектеп табалдырығын жаңа ғана аттап отырған, балалар бақшасында тәрбие алмаған, топтасып, ұжымдасып әрекет жасап қалыптаспаған балаларға дене шынықтыру сабағын бірден бастап кету мұғалім үшін де, оқушылар үшін қиын. Мысалы, бағдарлама бойынша бірінші сыныптың оқушыларына берілетін алғашқы сабақ “Білім негіздері” болса, екінші “Қозғалыс қызметінің тәсілдері” (білімдік, дағдылар, қозғалыс қабілеттері) әрі қарай “Қозғалмалы ойындарға” ұласып кете барады. Мектепке алғаш келген балаға бағдарлама “Білім негіздері” тақырыбын алға тартқанда, әлі ештеңеден хабары жоқ, оны мен солын анық айыра алмайтын балаларға білім негіздерін сіңіруді қалай ойластырғаны белгісіз [2].

“Сап пен қатарда орындалатын жаттығулар” деген тақырыптан басталатын бірінші сыныптың дене шынықтыру сабағы бағдарламада “Қозғалмайтын ойындар” деп жазылғанмен, оны қолма-қол жауып қойып, “Негізгі тұрыс, бір саита тұру” т.б. болып кете барады. Осындағы сапқа тұру, бір қатарда тұру т.б. толып жатқан ұғымдарды оқушыларға бірінші күннен бастап түсіндіре қою қиынға соғатыны белгілі.

Мәселе оның мұғалім үшін қиындығында емес, балалардың бірден күрделі ұғымдар мен қимылдарды меңгеріп алуының күрделілігінде. Сондықтан алғашқы он-он бес минут уақытты мұғалім халық ойындарымен бастап, алдымен балалардың қимыл бірлігін қалыптастырып алып, ойыннан сабаққа біртіндеп көшкен жөн.

Ұлттық ойынды мұғалім сабақ барысында пайдалану үшін оны не мақсатпен пайдаланатынын анық, айқын біліп, түсіндіріп, сезінуі мен бірге, өзі сабақта қолданғалы отырған ұлттық ойынды жақсы біліп, одан шығатын нәтижені күн ілгері санасында жобалап алғаны дұрыс.

Ұлттық ойынды сабақтың барысында қолданудың негізі - дене шынықтыру сабағының сапасын жақсарту үшін, мұғалім өзінің алдына қойған мақсатына жетудің жолын жеңілдету үшін пайдаланады. Сондықтан ол дене шынықтыру сабағында оқушылардың ұғымын жетілдіріп, табысқа жеткізудің мүмкіншіліктері оңайлатылатын сабақ тәсілдері мен түрлерін іздестіреді. Мұғалім алғашқы бірнеше сабақ бойы ойыннан негізгі материалға, одан қайта ойынға көшіп, қайтадан негізгі материалға өтеді де, сабақты ойынмен аяқтайды. Бұл әрине, мұғалімнің шеберлігіне, сабаққа мұқият әзірлігіне байланысты. Ұлттық ойындарын сабақтың ортасында пайдалану дене шынықтыру сабағындағы арнайы материалдарды дұрыс қабылдап түсініп ұғынуына негізделеді. Бастауыш сынып оқушыларының назары тұрақты болмайды. Көп жағдайларда дене жаттығуларын мұғалімнің көрсетуі бойынша қайталай береді. Ал, мұғалім балалардан жаттығуды өз беттерімен жасауын талап еткенде олардың көпшілігі дұрыс орындамайды, сондай-ақ олардың қимыл бірлігі бұзылады.

Ұлттық ойындардың бір ерекшелігі - олардың басым көпшілігі ешбір затты қажет етпейтіндігі. Сондықтан оны қалаған жерде өткізе беруге болады. Күздің құрғақ, ашық күндерінде таза ауада өткізілсе, қыста мектептің спорт залында өтеді. “Қасқыр қақпан” ойынында дене қимылына жүру, тізені бұту, қолды көтеру, мойынды, иықты қозғау секілді адамның денесінің шыңдалуына әсер ететін, қан тамырларының, жүрегінің соғысын жиілететін әсерлер, айла-амал қолдану, жеңіске деген ұмтылыс, бәсеке жарыс элементтері де кездеседі.

Сонымен бірге, ойынның өлеңмен айтылатын тұстары оқушыларға әсер беріп көңіл күйлерін көтеріп, топ құрып, топтасып, топқа бөлініп мұғалімнің берген командасын орындай білуге дағдыландырады. Бұл оқушылардың білуге, білмекке құштарлығын арттырады. Ойлау жүйелерін қалыптастырады. Өмірдің қарама-қарсы күштерден тұратынын аңғаруға баулиды. Денелерін шынықтырып, өмірге жастайынан әзір болуға дайындайды.

«Қасқыр қақпан» ұлттық ойынын тандап алудағы негізгі мақсат, біріншіден, ойында балалардың тілін, ақыл- ой өрісін, есте сақтау қабілетін дамыту, оларды еліктіріп-

қызықтыру. Екіншіден, осы ойын арқылы оқушыларда ұйымшылдық, патриоттық сезім қалыптастыру. Үшіншіден, дене тәрбиесіне байланысты сапқа тұру, шеңбер болып, қол ұстасып тұру, ойындағы қимыл бірлігі, бұйрықпен қозғалу, бір адамға бағынып, тындай білу сияқты қарапайым дағдыларды қалыптастыру. Бұл ойынды күрделендіре отырып 3-4 сыныптарда да қолдануға болады.

Ұлттық ойындарды өмірден бөліп алып қарауға болмайды. Адам өмірінде кездесетін сан түрлі құбылыс осы ұлттық ойынмен астасып, тоғысып жатады. Сондықтан ұлттық ойындардың өміршеңдігі, оның үнемі жаңарып, өзгеріп, құбылып отыратыны ұрпақтың ауысып жаңарып отыруына да байланысты. Ұлттық ойындар өзінің ұлттық негіздерін сақтай отырып, ұрпақ жаңарған сайын жаңарып, жаңа формалармен түрленіп, өзгеріске ұшырап отырады.

Осындай жағдайда өзгеріп қана қоймай, кейбіреуі керексіз болып, ұмытылып қалатындары да кездеседі. Ол оның мүлде керексіздігінен емес, әлеуметтік ортаның, саяси-идеологиялық ахуалдың өзгеруіне де байланысты. Солардың қатарына жататын бұл кезде мән-мағынасы өзгеріп, тек аты ғана қалған ойындарды айтуға болады. Мысалы: қоғамдық-әлеуметтік мәнінен айрылған Ұрын бару, Қалыңдық ойнау, Кемпір өлді, Ит арсылдатар т.б. тұрмыстық-салт ойындарды қоғамдық-әлеуметтік жағдайлардың ауысуымен бірге өзінің мән-мағыналарын жойды, сұраныстан тысқары қалып қойды. Сол сияқты Орда атты есеппен келетін асық ойыны, Абылайдың алты ағашы, Сары құлан, Сары ала қаз, Ақ аю, Ағызбақ, Бақай пісті, Жылмақ т.б. ойындардың тек аттары ғана белгілі, ал мазмұны қағазға түспей қалған. Бұлардың мазмұны алуан түрлі есеппен келетін ойындар болса керек [3].

Бұл ойындардың бәрінен көретініміз ұлттық ойындары әуел бастан әлеуметтік өмірдің алуан саласын қамтып, сол әлеуметке қызмет ету үшін жасалған.

Демек, тарихтың ұзақ-сонар жолында, түркі халықтары өмірдің алуан жолдарынан өтті. Олай болса ұлттық ойындарды әрі оқу, әрі тәрбие құралы, пән аралық байланыстың дәнекері болады деп айта аламыз. Бұл жерде біз ұлттық ойындарды пән аралық байланыс құралы ретінде ала отырып, оны кешенді түрде қарастыруды жөн көрдік. Сонда ұлттық ойындардың әмбебап қасиеті ашыла түседі. Ол педагогика пәніне тән категориялардың бәріне бірдей қызмет ететінін көреміз. Сондықтанда денешынықтыру сабақтарында ұлттық ойындарды пайдалану құптарлық іс деп білеміз. Ол өскелең ұрпақтың бойында ұлттық патриоттық сезімді оятады деген пікір білдіреміз.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасы оқушы жастары мен балаларының дене тәрбиесі бағдарламасы мен білім жүйесінде дене мәдениетін дамыту тұжырымдамасы. – Алматы: Қазақстан, 1992. - Б.1-17.
2. Тотенаев Б.Т. Казахские национальные игры и виды спорта //Игры народов СССР.-М.:ФИС, Просвещение, 1985. – 115 с.
3. Бекбатшаев Т.Б. Применение традиционных казахских игр и упражнений в системе физического воспитания в школе. Автореф. дис. канд. пед. наук., 13.00.04: - Алма-Ата, 1982. - 26 с.